

«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ  
Қорғаншылық және қамқорлық кеңесі отырысының  
№2 хаттамасы

Қатысқандар:

1. М.М.Жүнісбек – кеңес төрағасы
2. Г.Ө.Таңсықбаева –кеңес мүшесі
3. Л.Н.Караторгаева- кеңес мүшесі
4. И.А.Агова-кеңес мүшесі
5. Б.Д. Аширбекова-кеңес мүшесі
6. Е.Е.Қадиров-кеңес мүшесі
7. П.С.Абуов-кеңес мүшесі
8. Г.А.Джакипова-гимназия басшысы
9. А.А.Сеилова-ТІЖ орынбасары
10. А.Б.Қабдулда-кеңес мүшесі

**Күн тәртібі:**

1. "С.Сейфуллин атындағы гимназиясы" КММ-де өзін-өзі бағалау процедурасының өтуі туралы

**Бірінші мәселе** бойынша "С.Сейфуллин атындағы гимназиясы" КММ директоры Г.А.Джакипова сөз алды, ол мемлекеттік аттестаттаудың негізгі ережелерін ұжымға жеткізді.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес профилактикалық бақылау арқылы бес жылда бір рет жүргізіледі. 2023 жылдың 4-8 желтоқсан аралығында гимназияның мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты 2023 жылдың 3 қазанынан 3 карашаға дейінгі аралықта гимназияда өзін-өзі аттестаттау процедурасы өтетінін айтты.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

1) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда, аттестатталды;

2) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, аттестатталмады.

Бұзушылықтар жойылмаған немесе белгіленген мерзімде есеп ұсынылмаған жағдайда білім беру ұйымы аттестатталмады деп есептеледі, бұл бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бағалау мына бөлімдер бойынша жүргізіледі:

- 1) Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы.
- 2) Кадрлық құрамға талдау;
- 3) Білім алушылар контингенті;
- 4) Оқу-әдістемелік жұмыс;
- 5) Оқу-материалдық активтер;
- 6) Ақпараттық ресурстық және кітапханалық қор;
- 7) Білім алушылардың білімін бағалау;
- 8) Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы;
- 9) Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары;
- 10) Қорытындылар мен ұсыныстар.

Осы аталған бөлімдер бойынша жауаптыларды ұсынды. 7,8,9,10,11,12,13 қосымшаларды толтыруға жауаптылар тағайындалды. Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрылғанын айтты.

#### **Қаулы:**

1. Қорғаншылық және қамқорлық кеңесі 2023 жылдың 3 қазанынан 3 қарашаға дейінгі аралықта гимназияда өтетін өзін-өзі бағалау жұмысына қолдау көрсетсін.
2. Өзін-өзі бағалау барысындағы сауалнамаға ата-аналар белсенді қатыссын.
3. Комиссия мүшелері белгіленген мерзімде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес 3 жыл ішінде (2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 жылы I тоқсаны) ақпарат дайындасын.

Кеңестің төрағасы



М.М.Жүнісбек

Хатшы



С.Х.Наурызбаева